



АСТАНА

АҚШАМЫ

Жүсіпбек конкурсының жүйріктері

Қарағанды қаласында өткен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жүсіпбек Елебеков атындағы дәстүрлі әндерді орындаушылардың VII республикалық конкурсында Қазақ ұлттық өнер университеті колледжінің ұстазы Сырым Мұхамеджанов топ жарып, бас жүлдені еншіледі.



Бұл байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен жалпы алғанда 32 үміткер қатысты. Ауқымы да өткен жылдарға қарағанда кең болды. Осы жолы Астана, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Көкшетау, Жезқазған, Балқаш және Қарағанды өңірінің қыз-жігіттері өнер жарыстырды. Қазақстанның халық әртісі, профессор Қайрат Байбосынов бастаған қазылар алқасына да Арқа әнінің небір дүлдүлдері жиналды. Атап айтсақ, конкурсанттарға Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Жүсіпбек Елебековтің соңғы шәкірттерінің бірі Ғалым Мұхамедин, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Мейірхан Адамбеков, Жақсыкелді Кемалов, Талғат Ыдырысов баға берді.

«Бұдан бұрын «Шабыт» фестивалі мен Әміре Қашаубаев атындағы ән байқауының жүлдесін алдым. Ал Жүсіпбек Елебеков конкурсының мен үшін жөні бөлек болды. Оған өнерім әбден піскен кезде қатыстым. Жалпы, осы конкурстағы қарсыластарым да өте мықты болды. Бұл жерде мектеп көрінді. Байғабыл Жылқыбаев, Қосымжан Бабаков сынды асқақ әншілердің осы күндері ұмытылып бара жатқан қағыстары жаңғырды. Жалпы, байқаудың деңгейі өскені байқалды» дейді Сырым Мұхамеджанов.

Конкурстың бір ерекшелігі – онда Қарағандының Кеншілер мәдениет

сарайының атынан Жүсіпбек Елебеков телқоңырым деп атаған қос шәкірті Қайрат Байбосынов және Жәнібек Кәрменов атындағы қос сыйлық тапсырылды. Екеуін де астаналық өрендер – Дәулеткелді Сағатов пен Сұлтан Тілеубеков алды. Биыл 350 жылдығы атап өтілген Қазыбек би атындағы жүлде де иесін тапты.



Жалпы, астаналықтар осы конкурстан біраз олжаға кенелді. Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері Мейірхан Нұржан – үшінші және Аяулым Қамажан екінші орынды қарсыластарымен бөлісті. Бұл оқу орнының тағы бір студенті Азат Әбдіғалым бірінші орынды алды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ